

Сіздің қатысуыңызбен ақпан айында Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің басқару құрамымен кеңес өткізілді. Архивтің толықтыру көздері болып табылатын мекемелерде электрондық архив жасау, ақпараттық технологияларды енгізу, әдістемелік құралдарды дайындау, ведомстволық архив қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды ұйымдастыру, тарихи-архивтік мұраны танымал ету бойынша кеңесте берілген тапсырмаларды орындау үшін іс-шаралар қабылданып келеді.

Ақпараттық технологиялар және электрондық архивті жедел түрде жасау саласында деректер базаларын жаңарту, сканерленген құжаттарды жүйеге келтіру, тізімдемелерді электрондық түрге көшіру бойынша жұмыстар жүргізіліп келеді. 2018 жылы қағаз тасығыштағы **3 млн. 190,8 мың** беттен тұратын **25200** іс электрондық түрге көшірілді.

«Электрондық архив» ақпараттық-іздеу жүйесінің құрылымдық модульдерін дамыту жүзеге асырылуда. Интернет арқылы алыстағы қолданушылар үшін «Оқу залы» модулі қызмет етеді. Оған Архивтің ресми сайтындағы «Е-архив» рубрикасы арқылы қосылуға болады.

«Documentolog» компаниясының өкілдерімен кездесу және «Мемлекеттік органдардың ЭҚАБЖ/ЭҚАЖ электрондық құжаттарын сақтау» бағдарламалық өнімімен танысу өткізілді. Кездесу барысында құжаттарды ұзақ уақыт және қауіпсіз сақтау мүмкіндіктері, архив мекемелерін жүйеге қосу талқыланды.

Архив ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Архив ісі және құжаттама департаментімен бірге Архивтің толықтыру көздері болып табылатын мекемелерінің электрондық құжаттарын ведомстволық сақтау үшін «ЭҚАБЖ/ЭҚАЖ-да жасалған электрондық құжаттарды сақтау қоймасы» сервистік бағдарламасын пайдалану бойынша жұмыс кездесуін өткізді.

Мамырда Ақтөбе қаласында өткізілген «Тарихтан тағылым – өткенге тағзым» халықаралық форумында Қазақстан халқы Ассамблеясымен бірге дайындаған «Депортация тарихынан. Қазақстан. 1939–1945 жж.» құжаттар жинағының электрондық нұсқасымен таныстыру өткізілді.

Жоғары оқу орындарымен, ғылыми мекемелермен байланыс нығая түсті. ҚР Президенті Архиві әл-Фараби атындағы Қаз ҰУ-мен бірлестікте ТМД елдері жас архившілерінің II Жазғы мектебін өткізді. Іс-шараға Қазақстан, Қырғызстан, Татарстан, Өзбекстанның орталық және облыстық архивтерінің өкілдері, әл-Фараби атындағы Қаз ҰУ тарих факультетінің студенттері қатысты. Жазғы мектепте Қазақстан, Польша, АҚШ архив ісінің жетекші мамандары дәріс оқыды. Жазғы мектеп шеңберінде теориялық және тәжірибелік білім беріліп, пікірталастар, архивтер бойынша экскурсиялар жүргізілді. Жұмысты қорытындылай келе, тыңдаушылар осы формат архив ісінің теория және тәжірибесімен танысып, халықаралық деңгейде әріптестермен тәжірибе бөлісуге мүмкіндік беретінін атап өтті. Қатысушыларға сертификаттар берілді.

ҚР Президентінің Архиві Оңтүстік Қазақстан облысының Ақпараттандыру, мемлекеттік қызмет көрсету және архивтер басқармасы және Шымкент қаласының мемлекеттік архивімен бірлестікте «Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің

күндері: «Рухани жаңғыру: ашық қоғамға – ашық архивтер» іс-шарасын өткізді. ҚР Президенті Архивінің директоры Б. Жапаров Оңтүстік Қазақстан облысының Орталық коммуникациялар қызметінде өткізілген брифингте сөз сөйледі.

Іс-шара барысында халықаралық семинар өткізілді, онда Ұлттық жады институты архивінің (Польша), Мэриленд университетінің (АҚШ) мамандары құжаттарды жинақтау, сақтау және ақпараттық ресурстарды қолданудың өзекті мәселелері бойынша дәріс оқыды. Семинарға Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің, Шымкент, Алматы қалаларының, Алматы, Жамбыл, Қарағанды, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан облыстарының архивтік мекемелерінің өкілдері қатысты.

ҚР Президенті Архивінің директоры Б. Жапаров Ақтау, Ақтөбе, Өскемен қалаларына іссапармен барып, архивтік мекемелердің басшылары мен қызметкерлерімен кездесті. Кездесу барысында архив саласын ақпараттандырудың өзекті мәселелері, «электрондық архив» жасау және ендіру талқыланып, Архив жұмысының негізгі бағыттары, ғылыми-зерттеу жобалары, одан әрі біріккен жобаға қатысу мүмкіндігі туралы айтылды.

Павлодар облысының мемлекеттік архивімен бірлестікте Павлодар қаласында «Рухани жаңғыру: архив саласындағы «Цифрлық Қазақстан» республикалық әдістемелік семинар (дөңгелек үстел) өткізілді. Семинарға өңірлік архивтік мекемелердің басшылары мен қызметшілері, ғылыми қызметкерлер, архивтік жабдықтау және ақпараттық жүйелермен айналысатын ірі компаниялардың өкілдері қатысты.

Архив Павлодар облысының мемлекеттік архивімен, Атырау облысының мемлекеттік архивімен, «Қазконтент» АҚ-мен Әлеуметтік әріптестік туралы келісімдерге жасады.

Архивті жаңа құжат кешендерімен толықтыру бойынша шаралар қабылданды. Мемлекеттік сақтауға **6829** іс қабылданды.

Архивті толықтыру көздерін кеңейту және архивтік қорларды жаңа құжат кешендерімен толықтыруға ерекше назар бөлінді. Қазіргі күнде бұл тізімде 36 мекеме мен қоғамдық ұйым бар.

Архив құжаттарының құндылығына сараптама жасау және мемлекеттік сақтауға тапсыруға дайындауға 5455 істі қалыптастыру бойынша 14 мекемеге тәжірибелік және әдістемелік көмек көрсетілді.

Құжаттандыруды және архивтік сақтауды ұйымдастыру жағдайын бақылау үшін Архив Дирекциясының отырысында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінде, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында, «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының Кітапханасы» ММ-де, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы «Қоғамдық келісім» РММ-де, «Дипломатиялық корпусқа қызмет көрсету жөніндегі басқарма Астана» АҚ-да құжаттандыру және архивтік сақтауды ұйымдастыру бойынша жұмыс туралы басшыларының есептері тыңдалды.

Архивтің Сараптау-тексеру және әдістемелік комиссиясының жұмысы ұйымдастырылды. 14 отырыста мекемелер жасаған құжаттар құндылығын сараптау

негізінде тізімдемелер, номенклатуралар, сақтау мерзімі көрсетілген тізбелер жайлы 88 мәселе қаралды.

Құжаттандыруды және архивтік сақтауды ұйымдастыру жағдайын бақылауды қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінде, Республикалық бюджеттің орындалуын бақылау жөніндегі есеп комитетінде, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінде, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы «Қоғамдық келісім» РММ-де, «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының Кітапханасы» ММ-де, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы «Қоғамдық келісім» РММ-де, «Жастар одағы» ҚТБ-де, «Возрождение» Қазақстан немістерінің ассоциациясы» ҚБ-де іс жүргізу және құжаттарды архивтік сақтау жағдайына кешендік және бақылау тексерістері жүргізілді.

Архив ведомстволық архивтік және іс жүргізуші қызметкерлеріне 15 семинар өткізді. Архивтің толықтырушы көздері болып табылатын барлық мекемелерде Архивпен келісілген іс жүргізу және архивтік сақтауды реттейтін нормативтік құжаттары бар.

Ұлттық архив қорының сақталуын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылданды. Архивтік құжаттарға қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Сақтандыру қоры үшін 1497 сақтау бірлігіне 166,9 мың микрофиша кадрда микрофильмдеу жүргізілді.

Тарихи-архивтік мұраны танымал ету ұйымдастырылды. Есептік кезеңде 19 тарихи-құжаттық көрме ұйымдастырылды: Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың АҚШ-қа ресми сапары және Қазақстанның БҰҰ-дағы Қауіпсіздік Кеңесінде төрағалық етуіне орай «Қазақстан халықаралық аренада» және «Қазақстан–АҚШ: жасампаздық жолындағы ынтымақтастық», Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетімен бірлестікте «Тәуелсіздік дәуірі», Алғыс айту күніне орай Қазақстан халқы Ассамблеясының Алматы қ. Хатшылығымен және Алматы қ. Достық үйімен бірлестікте «Бірлік – біздің қасиетті туымыз», ҚР Сыртқы істер министрлігімен бірлестікте «Қазақстан және Еуроодақ ынтымақтастығына 25 жыл», Алматы қ. Оқушылар сарайы және Музейлер бірлестігімен Жеңіс күніне орай «Ер есімі – ел есінде», Астана қ. Мемлекеттік архивімен, Санкт-Петербург қ. мемориалдық кешенімен бірлестікте «Великая Победа», Ақтөбе облысының мемлекеттік архивімен бірлестікте Ақтөбе қаласында «Депортациялар тарихынан. Қазақстан. 1939–1945 жж.», «Архив және қоғам: Тәуелсіз Қазақстанның тұлғалары: Ұ. Қараманов» мемлекет және қоғам қайраткерінің 80 жылдығына орай (Қызылорда қ.), «Архив және қоғам: Тәуелсіз Қазақстанның тұлғалары: А.Х. Арыстанбекова» мемлекет қайраткерінің 70 жылдығына орай, «Архив және қоғам: Тәуелсіз Қазақстанның тұлғалары: Т. Әшімбаев» мемлекет қайраткерінің 100 жылдығына орай, ҚР Сыртқы істер министрлігімен бірлестікте Астана қаласында «Астана – Еуразияның дипломатиялық орталығы», «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының Кітапханасы» ММ-мен бірлестікте Астана, Алматы қалаларында «Астана – тәуелсіздіктің жемісі», Алматы қ. музейлер бірлестігімен «Қазақстан:

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы эвакуация», Ақтау қаласында «Астана – ұлы дала жүрегі, Ақтау – теңіз жолы тірегі» (Астананың 20 жылдығы және Ақтаудың 55 жылдығына орай), Қазақстан Жастар одағымен бірлестікте «Комсомол тарихынан», Алматы қ. музейлер бірлестігімен, Отырар мемлекеттік археологиялық музейімен, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейімен бірлестікте Қазақстанның ұлттық валютасы – теңгенің 25 жылдығына орай «Төл теңгеміз – тәуелсіздік тірегі» (Алматы қ.), Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында мемлекет қайраткері Ж. Шаяхметовке арналған «Тарихи тұлғалар: Ж. Шаяхметов», «Архив және қоғам: Тәуелсіз Қазақстанның тұлғалары. Ж. Шәймерденов» мемлекет қайраткерінің 90 жылдығына орай (Шымкент қ.), Архив және қоғам: Тәуелсіз Қазақстанның тұлғалары. К. Әухадиев» мемлекет қайраткерінің 80 жылдығына орай.

Архив құжаттары үлкен сұранысқа ие, көлемі жылдан жылға ұлғайып келеді. Оқу залына зерттеушілерге, архив қызметкерлеріне, анықтама үстеліне 42 мың іс берілді.

Азаматтардың архивтік ақпарат алуға конституциялық құқы және олардың заңды мүддесін қорғауға ерекше көңіл бөлінді. Есептік кезеңде мекемелер мен азаматтардан түскен 416 әлеуметтік-құқықтық және тақырыптық сұраныс орындалды.

Архив сайтында архив қорларының құрамы мен мазмұны туралы ақпарат берудің нәтижесінде соңғы екі жылда келетін зерттеушілердің саны артты. Оқу залына 336 зерттеуші келді, оның ішінде 18 – шетелдік.

Архив құжаттарын ғылыми жариялау саласында «Из истории депортаций: Казахстан 1940–1945 гг. Книга 3», «Из истории депортаций: Казахстан 1946–1950 гг.» книга 4, «Ж. Шаяхметов. 1938–1955» «Из истории национальной валюты» құжаттық жинақтарын, Алматыда 2018 жылғы 28 қыркүйекте өткізілген «Тарих. Тағылым. Тұлғалар» ІХ халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдар жинағын дайындау бойынша жұмыстар жалғасты.

«Қазақ аулының қасыреті. 1929–1932» құжаттар жинағының 2-томы басылып шықты. Басылым ҚР Президенті Архиві құжаттарының негізінде дайындалды. Жинаққа 172 құжат енді.

«Қазақстан Республикасы мемлекеттік билік органдары. 2011–2015 жж.» анықтамалығының төртінші басылымын дайындау жалғасты.

Архив имиджін дамыту бойынша жұмыс жүргізілді.

Архив қызметін жүйелі түрде көрсету үшін 2018 жылға арналған медиа-жоспар бекітіліп, жүзеге асырылды. Архив қызметі жайында тұрғындарды хабардар ету бойынша жұмыс белсенді түрде жүзеге асырылып келеді.

Архив қызметін көрсететін ақпараттың саны және сапасының өскенін атап өту қажет. БАҚ-та Қазақстанның жаңа саяси тарихы, құжаттану және архивтанудың өзекті мәселелері бойынша 199 хабарлама (ақпарат) жарық көрді, оның ішінде 72 мақаланы Архив қызметкерлері дайындады. Архивтің іс-шаралары туралы ақпарат (312 хабарлама) Архив веб-сайтының жаңалықтар легінде (<http://archive.president.kz/>), Интернет әлеуметтік желілерінде белсенді түрде жарияланады.

«Қазақстан», «Хабар», «24KZ», «Kazakh-tv», «Оңтүстік Қазақстан», «shymkenttv.kz» телеарналарында архивтік мұраны насихаттау бойынша Архивтің қызметі туралы сюжеттер көрсетілді.

Ғылыми және мәдени қауымдастықтың қатысуымен 4 дөңгелек үстел өткізілді: 1 наурыз – Алғыс айту күніне орай, Ұ. Қарамановтың 80 жылдығына, А. Арыстанбекованың 70 жылдығына, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстандық стратегиялық зерттеулер институтымен бірлестікте Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауына арналған «Қазақстанның модернизациялық әлеуеті: өсу нүктелері».

ҚР Президентінің Архиві әл-Фараби атындағы Қаз ҰУ, Абай атындағы Қаз ҰПУ, көпсалалы колледждермен бірлестікте құжаттану және архив ісі бойынша III қалалық студенттік олимпиадасын өткізді. Іс-шара студенттердің шығармашылық белсенділігін дамыту, құжаттанушы және архивші мамандығын танымал ету және насихаттауға бағытталған. Талапты және белсенді студенттер дипломдармен марапатталды.

Халықаралық қатынастар дамыды. Бұл бағытта Ресей, Беларусь, АҚШ, Польша, Германия архивтерімен серіктестік жұмыс белсенді жүргізілді.

Архив директорының орынбасары Қ. Әлімғазин, директордың көмекшісі М. Жылгелдинов Польшаның Екінші дүниежүзілік соғыс музейінің шақыруымен Гданьск қаласына іссапармен барды. Іссапар барысында қазақстандық архивистер Польша Республикасы Ұлттық Архивінің Гданьск қаласындағы филиалына барып, архивтік сала жұмысымен және архивте ақпараттық технологияларды ендірудің жаңа бағыттарымен танысты.

Архив директоры Б. Жапаров, Архивтік технологиялар басқармасының басшысы Б. Шайлазымов Ресей архив қызметінің 100 жылдығына орай Қазан қаласында Татарстан Республикасы Архив ісі жөніндегі комитеті ұйымдастырған «От пергамена к цифре» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысып, баяндамалар жасады. Конференцияда архив ісінің даму сұрақтары талқыланды, оның ішінде өзектілігі жоғары деп электрондық құжаттарды басқару және сақтау мәселелері белгіленді.

Архив директоры Б. Жапаров, Оңтүстік Қазақстан облысының Ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының басшысы Б. Есқараев, Қызылорда облысының Мемлекеттік архивінің директоры Н. Қуанышева Беларусь Республикасының Ұлттық архиві және Полоцк, Витебск қалаларының аудандық мемлекеттік архивтеріне іссапармен барды. Кездесулер барысында архив ісі және іс жүргізу саласында тәжірибе бөлісіп, Қазақстан және Беларусь архив ісінің даму келешегі талқыланды. Электрондық құжат айналымын дамыту, электрондық архивтер жасау және қағаз тасығыштардағы құжаттарды электрондық түрге көшіру мәселелеріне ерекше назар бөлінді. Кездесу барысында ҚР Президенті Архиві және Беларусь Республикасының Ұлттық Архиві арасында ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

Архивте Польша Республикасының Екінші дүниежүзілік соғыс музейі өкілдерімен кездесу өткізілді. Кездесу барысында ҚР Президенті Архивінің «Екінші дүниежүзілік соғыстың қазақстандық әскери тұтқындары» ғылыми-зерттеу жобасы

және поляктарды Қазақстанға депортациялауды зерттеу аясында ынтымақтастық мәселелері талқыланды. Польшаның Ұлттық зерде институты басшылығымен кездесу өткізіліп, Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Архивте Конрад Адэнауэр атындағы қордың Қазақстандағы өкілдігінің директоры Т. Хельммен кездесу өтті. Онда Архив қызметінің негізгі бағыттары, ғылыми зерттеу жобалары, атап айтқанда ҚР Президенті Архивіндегі және басқа архивтердегі қорлардағы Қазақстан немістерінің тарихы және мәдениеті туралы құжаттарды айқындау және жариялау талқыланды.

Ресей мемлекеттік гуманитарлық университетімен жасалған меморандум шеңберінде Архив қызметкерлері Мәскеуде өткізілген ТМД елдерінің тарихшы-архившілерінің халықаралық жастар форумына қатысты.

Корея Ұлттық Архивімен (НАК) жасалған меморандум аясында Архив қызметкерлері М. Көмекбаева, Х. Бегалаев Сеул қаласында «Құжаттар мен архивтерді басқару» бағдарламасы бойынша (РАМР) біліктілігін арттырды.

Архив қызметкерлері Ж. Сатаева, А. Асанбаева Мәскеу қаласындағы Неміс тарих институты ұйымдастырған дөңглек үстелде Архивтің «Екінші дүниежүзілік соғыстың қазақстандық әскери тұтқындар: әдебиет, дереккөздер және деректер базасы» жобасы бойынша баяндама жасады.

Архив директорының орынбасары А. Мұстафина Құжаттану және архив ісінің бүкілресейлік ғылыми-зерттеу институты (ВНИИДАД) Мәскеу қаласында ұйымдастырған «Документация в информационном обществе: задачи архивоведения и документоведения в условиях цифровой экономики» тақырыбындағы XXV халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысып, баяндама жасады.

ҚР Президенті Архивінің жанындағы Қоғамдық кеңестің отырысы өткізілді, онда Архивтегі еңбек нормасының жағдайы, еңбек өнімділігін арттыру, жұмыс уақытын тиімді қолдану талқыланды.

Архив базасында Әкімшілік және ақпараттық технологиялар институтымен бірлестікте мемлекеттік, ведомстволық және жеке архивтер қызметкерлері үшін архивтану, құжаттану, электрондық архив және ақпарат көздерін қорғау бойынша біліктілігін арттырудың 4 күндік курстары ұйымдастырылған. Есептік кезеңде оқытудың 4 циклы өткізіліп, сертификаттар берілді.